

**«Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму
басқармасы» ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі
талдау қорытындылары бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

«Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізу үшін «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Басқарма басшысының 2025 жылғы 20 наурыздағы № 55 бұйрығы негіз болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

«Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқар-масы» ММ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу 2024 жылғы 1 сәуір мен 15 мамыр аралығында жүзеге асырылды, онда басқарманың қызметінде талданатын кезең 2024 жыл болды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) қолданыстағы нормативтік және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 9) қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 10) жасырын қызметтерді анықтау.

1.Қолданыстағы нормативтік және құқықтық актілерде

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау барысында басқарманың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ереже мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

2) Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

«Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі №94/1 қаулысымен бекітілген «Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2024 жылы Басқармада негізгі қызмет бағыттары бойынша 200 бұйрық, ал жеке құрамға қатысты (демалыс, іссапарлар, кадрлық ауысым) – 40 бұйрық шығарылды.

Талдау барысында Басқарманың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Ереже мен ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға ықпал етуі мүмкін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Басқарманың басшысы Сейдуманов Әлнұр Серікұлы болып табылады, осы лауазымға 26.02.2024 жылы тағайындалды. Басқарманың штат санының лимиті 2024 жылдың соңына - 26 бірлік. Басқарманың штат кестесі Басқарма басшысының 2023 жылғы 04 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген. Талдау жүргізу кезінде – 26 бірлік, нақты саны – 26 бірлік. Басшы құрамның саны 9 бірлік, басшы емес лауазымдар -17 бірлік.

Талданып отырған кезеңде – 5 адам жұмыстан босатылды (өз еркімен - 3, конкурс бойынша басқа мемлекеттік органға – 2, қайта ұйымдастыруға байланысты лауазым ұсынылды, бірақ қызметкер бас тартты - 0), 7 адам қабылданды.

Басқармада еңбек шарты бойынша өз еңбек қызметін 7 штаттан тыс қызметкер жүзеге асырады.

Штаттан тыс қызметкерлермен еңбек шарттары Еңбек кодексіне сәйкес жасалады және Епбек.kz «электрондық еңбек биржасы» ақпараттық жүйесінде тіркеледі. Бұл жүйеде ағымдағы бос жұмыс орындары туралы мәліметтер де орналастырылған.

Кадр жұмысының кейбір функциялары Павлодар облысы әкімі аппаратының персоналды басқарудың бірыңғай қызметіне (бұдан әрі –

ПББҚ - ЕСУП) берілді. Кадр жұмысының функцияларын (жұмыс уақытын есепке алу табелін жүргізу, техникалық қызметкерлердің құжаттамасын жүргізу және т.б.) Басқарманың әкімшілік-қаржы бөлімінің қызметкері негізгі жалақысына 20% мөлшерінде қосымша ақы төлей отырып жүзеге асырады.

ПББҚ- ЕСУП өз құзыреті шегінде тәртіптік, конкурстық және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастырады; мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізу, конкурстық іріктеу, мемлекеттік қызметшілерді қызмет бабында ілгерілету, қызметтік тергеп-тексеру, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді; кадрларды іріктеуді ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдейді, белгіленген мерзімдерге сәйкес мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасын, тәлімгерлігін, қызметін бағалауды, даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

Мемлекеттік қызметшілердің кадрлық іс қағаздарын жүргізу мемлекеттік қызмет персоналын басқару жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ететін «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың нормаларына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурстар бақылаушылардың қатысуымен және әңгімелесудің бейнетіркеуімен өткізіледі.

Барлық мемлекеттік қызметшілер атқаратын лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігі тұрғысынан ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнайы тексеру жүргізуге құжаттар уақтылы жіберіледі.

ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 125 қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларының, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптардың 3 және 11-тармақтарына сәйкес басқарма қызметкерлері бекітілген кестеге сәйкес белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында қайта және оның филиалында даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтеді.

Өткен кезеңде барлығы 10 мемлекеттік қызметші оқудан өтті (жоғарылату - 7). Барлық курстар офлайн форматта өтті.

Басқармада 2023 жылдың өткен кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен парасаттылықты қалыптастыру бойынша 1 рет, ТБН-4 іске асыру туралы жалпыға бірдей құқықтық оқыту өткізілді.

Талданған кезеңде басқарманың бір қызметкері «Павлодар облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінде тағылымдамадан өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің жеке істерінде ант беру мәтіні, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп нормаларымен танысу парақтары, шектеулер, жауапты лауазымды атқаратын адамдар алған сыйлықтарды мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға немесе ЖАО-ға тапсыру жөніндегі жаднама болады. 2023 жылы басқарма қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ.

Талданып отырған кезеңде бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, теріс себептер бойынша жұмыстан шығару фактілері анықталған жоқ.

Қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталған жоқ.

4. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-аналары), балалары, асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасындары, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Тексерілетін кезеңде басқарманың қызметінде сыбайлас жемқорлықтың көріну фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Басқарманың мемлекеттік сатып алуы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы (жаңа редакцияда-ҚР Қаржы министрінің 2022.01.14 №35 бұйрығымен) нормаларына сәйкес жүргізіледі. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүргізіледі және өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды. Шарттар жасасудың электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және шынайы ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтыққа бағытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезінде:

- **«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысын анықтау» бағыты бойынша:** мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға байланысты мүдделер қақтығысы немесе оның туындау

мүмкіндігі жоқ.

- **«Мемлекеттік қызметшілердің бағалы қағаздарды, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, банк салымдарын және өзге де мүлікті иеленуі кезінде мүдделер қақтығысын анықтау»** бағыты бойынша: мемлекеттік әкімшілік қызметшілерде қандай да бір бағалы қағаздар, облигациялар, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайлары болмайды.

- **«Жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының (бағыныстылығы немесе бақылауында болған жағдайда) қызметтен (жұмыстан) бірге өту кезінде мүдделер қақтығысын анықтау»** бағыты бойынша мемлекеттік қызметшілер (қызметкерлер) арасында туыстық байланыстардың болуы, сондай-ақ мүдделер қақтығысы белгілерінің болуы тұрғысынан кадр құрамын талдау, жеке мүдделілік жоқ.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Басқарма мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

6. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Басқарма рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

7. Бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

«Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы» ММ Ережесіне сәйкес оның бақылау функциялары жоқ.

8. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Басқарма БАҚ-пен, өңір тұрғындарымен өзара іс-қимыл бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.

Басқарма Facebook @Aqparat Jane qogamdyk damu basqarmasy және Instagram @aqparatqogam.pavlodar. әлеуметтік желілерінде аккаунттар ашылған. Азаматтарды қабылдау кестеге сәйкес жүзеге асырылады, ол мемлекеттік органның интернет-ресурсында да орналастырылған.

2024 жылы Басқарманың ресми парақшасында әртүрлі сипаттағы ақпарат орналастырылды, олар: Басқарманың қызметі, ақпараттық бағыт және т.б. туралы жарияланым, барлығы 960 жарияланым.

Азаматтардың Facebook, Instagram әлеуметтік желілері, мобильді қосымшалар арқылы Басқармаға жүгіну мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, Басқармада Басқарма басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі бар, оған сәйкес азаматтарды жеке қабылдау бойынша

жұмыс жүргізіледі. Ақпарат мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында Басқарманың парақшасында орналастырылған.

2024 жылы барлығы 267 өтініш түсті, оның ішінде жеке тұлғалардан 87, заңды тұлғалардан 180 өтініш түсті. 19 азамат Басшының жеке қабылдауында болды. Өтініш беру кезінде сұрақтардың негізгі бөлігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты ұйымдастыру және өткізу, естелік іс-шараларды өткізу, Басқарма қызметіне қатысты мәселелер және т. б. мәселелерге қатысты.

Басқарма қызметкерлері еңбек тәртібінің регламентін сақтайды, қызметшілердің мемлекеттік мекемеде жұмыс уақытынан тыс негізсіз болу фактілері жоқ.

Басқарманың интернет-ресурсында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері» арнайы бөлімі жұмыс істейді.

Басқарма ғимаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы плакаттар орналастырылған.

Басқарма қызметкерлері үшін «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға қатысты, сондай-ақ негізгі салаларда рұқсат құжаттарын (рәсімдерді) беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілер бойынша мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақтылы көрсету мақсатында тұрақты негізде консультациялар өткізіледі.

2024 жылы қандай да бір іс-шараларға сыйлықтар алу және заңсыз ақша жинау фактілері анықталған жоқ.

9. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Бюджеттік ашықтықты сақтау мақсатында бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер, бекітілген бюджеттер және олардың орындалуы туралы есептер, стратегиялық жоспарлар және олардың іске асырылуы туралы есептер Басқарманың «Ашық бюджеттер» интернет-ресурсында орналастырылады.

№	Бағдарламаның атауы	Бюджет 2024 ж. мың теңге;	Игеру 2024 ж. %	Бюджет 2025 ж. мың теңге;	2024 жылғы 1 тоқсанға жоспарлы қаржыландыру мың теңге	Игеру 1 - тоқсан 2024 ж. %
		1728101	1727704,7	1914583	284094	284022,4
001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік іші, жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	205219,0	205116,5 100%	214474	62760	62757,2 100%
003	Жастар саясаты саласындағы іс-шараларды іске асыру	310559,0	310514,6 100%	401908	45966	45898,5 100%

007	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	916868,0	916867,7 100%	1082137	108000	108000 100%
075	Облыстың Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	295168,0	294918,9 100%	354315	67368	67366,7
113	РБ трансферттер (аудандар бойынша ЖРО азаматтық қызметшілеріне еңбекақы төлеуді арттыруға)	287,0	287,0 100%	0	0	0

Мониторинг барысында мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдері және Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтау мәніне шарттардың талаптарын орындау талданды. Мысалы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының негізінде 2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары әзірленіп, бекітілді, белгіленген мерзімде (5 жұмыс күні ішінде) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу саласындағы барлық жұмыс Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады.

Заңның 5-бабына сәйкес жылдық жоспар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген тәртіппен және нысанда бекітіледі, өзгерістер заңнамада белгіленген мерзімдерде енгізіледі. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар заңның 43-бабына сәйкес жасалған.

Заңның 43-бабының 22-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің ең аз мерзімі кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуы туралы құжаттар (*тауарды қабылдау-беру актісі, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура*) электрондық нысанда ресімделеді.

Шарттарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алынған мемлекеттік сатып алу туралы есептер мемлекеттік сатып алу веб-порталында (шарттар жасалған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей) және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген нысан бойынша орналастырылады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу жоспары 245103,7 мың теңгені құрайды, мемлекеттік сатып алуды

жүргізу нәтижесінде үнемдеу 29633,0 мың теңгені құрайды, оның 29633,0 мың теңгесі бюджетке секвестрленді.

Есептілік «Павлодар облысы бойынша мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жіберіледі (тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы)

Прокурорлық қадағалау актілері

Талданған кезеңде жүргізілген жоқ.

Сот актілері

Басқарма атына сот шығарған жеке ұйғарымдар түскен жоқ.

Басқармаға қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері. 2024 жылы Павлодар облысының прокуратурасымен 2022-2024 жылдар аралығындағы кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманың және бюджеттік заңнаманың сақталуы бойынша Ақпарат және қоғамдық даму басқармасының қызметіне талдау жүргізілді. 2024 жылғы 29 шілдедегі заңбұзушылықтарды жою туралы Прокуратураның ұсынысы негізінде, бұқаралық ақпарат құралдары қызметтеріне негізсіз жоғары базалық бағалардың қолданылуына байланысты бюджет қаражатының орынсыз жұмсалу фактісі анықталды. Аталған бұзушылықтарды түзету мақсатында Павлодар облысында бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесіне облыс әкімдігінің қаулысына өзгеріс енгізілді. Кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

10. Жасырын қызметтерді анықтау

«Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні ішкі саяси процестерді реттеуге және ішкі саясат саласындағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылға бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады. Қызметтің бұл түрі қандай да бір мемлекеттік қызмет көрсетуді көздемейді, осыған байланысты жасырын мемлекеттік қызмет көрсету мүмкіндігі жоқ.

Қорытынды бөлім

Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына және ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес тұрақты түрде жүргізіледі.

Жұмыс тобы Басқарма қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша комиссия ҰСЫНАДЫ:

1. Нормативтік актілерде түсіндіру кезінде теріс пайдалануға жол

беретін екі тұжырымның болуы, басқа нормативтік актілерге қате сілтемелер, нормалар қақтығыстары мен құқықтық олқылықтар анықталған жағдайда, жоғары тұрған органға оларды нақтылау қажеттігі туралы және дискрециялық норманы жою туралы ұсыныстар енгізілсін.

2. Басқарма қызметкерлері үшін қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістерді түсіндіру бойынша жалпыға бірдей құқықтық оқыту сабақтары тұрақты негізде жүргізілсін.

3. Азаматтардың өтініштері келіп түскен кезде өтінішке жауаптар сот талқылауларының алдын алу үшін толық, толық және мерзімінде өтініш берушіге жіберілсін.

4. Әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалау үшін азаматтық сектордың әлеуеті кең тартылсын.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Басқарманың ресми сайтында орналастырылсын.

Анықтама 2 (екі) данада жасалды.

Павлодар облысы ақпарат және қоғамдық даму басқармасының басшысы



Ә. Сейдуманов

Жұмыс тобы:

Басқарма орынбасары

басшысының



А. Раисова

Басқарма орынбасары

басшысының



Н. Шоманов

ҚХА Хатшылығы - этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі бөлімнің басшысы



Қ. Доцанова

Әкімшілік-қаржылық жұмыс және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы



Р. Капаева

Қоғамдық-саяси ахуалды талдау мен мониторингілеу бөлімінің басшысы




А. Медетов

Үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы




Б. Байдүйсен

Ақпараттық саясат және БАҚ
мониторингі бөлімінің басшысы



А. Əлина

Облыстық қоғамдық кеңес мүшесі



Е. Жанғазы

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерінің ішкі талдауын
өткізуге жауапты ҚХА

Хатшылығы - этносаралық
қатынастар мәселелері жөніндегі
бөлімнің бас маманы



Ж. Қаирова

2025 жылғы 27 мамыр